

Қазығұрт ауданы
«Аққу» балабақшасы

Бекітемін
«Аққу» балабақша
менгерушісі
Г.Т.Ибраимова



Мерекелік ертеңгілік
Тақырыбы: «Алтын күз»



Ортанғы «Балбөбек» тобы
Тәрбиешілер: Өсенова А
Юсупова Т

02.11.2023ж

Алтын күз

Жүр: Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз береке ала келді.

Құрметті ата-аналар, қонақтар! Мінекей өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен, айналасы сары алтынға бөлеп күз де келді. Күздің келуін бәріміз де асыға күттік. Ал күз бізге мол өнімін сыйға тартуда. Ендеше алтын күзімізге арналған «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Жүр: Ән салындар келіндер,
Жайнап гүлдей жүріндер
Келіндер алтын күзді тойлайық,
Би билейік, ойнайық- деп келе жатқан «Балбөбек» ортаңғы топтың балаларын қарсы алайық.

Жүр: Мерекесі халықтың,
Алтын күзді бастайық.
Алтын күзге арналған
Ән мен жырды шашайық.

Сымбат: Армысың алтын күз,
Армысың жер ана,
Армысың қонақтар,
Армысың достарым.

Даяна: Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді

Айлин: Ән салындар күліндер
Жайнап гүлдей жүріндер
Алтын күзді тойлайық
Би билейік ойнайық

Айкөркем: Келші, келші алтын күз
Келші, келші жапырақ
Мерскені жалғастырып
Ойнап күлші жарқырап.

Ән: «Балабақша»

Музыкамен би билеп күз ханшайымы келеді

Күз: Сәлеметсіңдер ме балғын балалар! Мені сағынып күтіп отырған боларсыңдар!

Мен астықты жинап, табиғат ананы қыс мезгіліне әзірлеп қойдым. Менің мерекемді тойлап жатқандарыңды көріп қатты қуанып жатырмын. Сендердің бойларыңда ойларыңда өсіп үлкен болып қалыпсыңдар. Қандай керемет, қуанышты мереке!

Жүр: Сәлеметсіз бе алтын күз! Келіңіз төрге шығып қонақ болыңыз. Сіздің мол астығыңыз бен дәруменге бай алуан түрлі жеміс жидектеріңіз, алтын түске боялған жайлауыңыз үшін балаларымыздың сізге айтар алғысы шексіз. Жасаған еңбегіңіздің алғысы ретінде балалардың сізге арналған ән мен билерін қабыл алыңыз.

Би: Күзгі вальс. Рамазан Сымбат
Алимхан Алина
Альтайр Айкөркем
Дамир Айлин

Жүр: Алтын күзде халқымыз,
Тойлайтын ол халқымыз.
Береке ырыс байлығын,
Беріп тұр алтын күз.- дей отырып ортаға көкөністерімізді
шақырамыз

Батырхан: Картөп біздің атымыз
Жер астында жатырмыз
Бір тамырдан тараған
Ағайынбыз бәріміз.

Алина: Мен құлпынай, құлпынай
Дәмім тәтті құлпынай
Мені жақсы көреді
Бал татимын шіркін ай!

Айкөркем: Менің атым қызанақ
Тұзды сеуіп молырақ
Банкілерге саламыз
Аузын мықтап жабамыз
Тағамға дәм қосамын
Қыста тәбет ашамын!

Алинұр: Тандандырар бәрін
Асқабақпын дәмді
Кесптірілген дәнім
Таптырмайтын дәрі.

Жүр: Көкөністер бәрі де,
Денсаулыққа пайдалы.
Оларды жатқа біліңдер,
Оларды жақсы көріңдер.

Би: «Көкөністер»

Жантөре	Аманғали	Нұрасыл	Алтынбек
Нұрым	Батырхан		
Алинұр	Ислам		

Жүр: Күзім ау күзім ау
Мінезің қызық ау
Жаңбырларың сіркіреп
Келгенің қызық ау дей отырып кезекті балаларымыздың тақпақтарына береміз:

Асылым: Аспанды сұр бұлт
Жан жақты жабады
Күн бірде суытып
Жаңбыр көп жауады

Мухаммедсадық:

Бұтақтан үзілген
Жарылса анарым
Мөншақтай тізілген
Дәндерін аламын.

Ислам: Ой алақай тамаша
Шашу шашты жапырақ
Бақтың іші тамаша
Аунар ма едім жатып ап

Заңғар: Сап-сары маңай
Сап-сары тоғай
Соңғы әнін айтып
Құс кетті қайтіп

К. Кәусар :

Берекелді мерекелі,
Келді жомарт алтын күз.
Қалада да далада да,
Жанның бәрі жарқын жүз

Нұрасыл: Мейірлі күз мырза күз
Сыйлығыңа ырзамыз

Жүр: Өнерсіздік бас айып
Ән мен күйге басайық
Арасында тағы бір

Билеп билеп алайық дей отырып балалардың орындауында
«Күзгі жапырақтар» биін тамашалаңыздар.

К.Каусар Анарка Заңғар Ерелу Арсен
Т.Каусар Абдулла Мұхаммедсадық Қаныбек.

Күз: Қандай әдемі әндерің мың бұралған билерің, тағы қандай өнерлерің бар?

Жүр: Өнім биыл тамаша
Көз тоймайды қараса- деп ортаға көкөністерді шақырамыз

Нұрым: Кім біледі шалқанды
Талайлар маған таң қалды.
Бәріне сый боламын,
Тауып көр менен дарханды.

Дамир: Кім бар сәбіз шырынын
Жастайынан ішпеген
Мені жеген адамдар,
Кем болмайды күшке де.

Аманғали: Мен ұялшақ картопшын
Бір қарасаң допшын
Мені жақсы көреді
Үлендер мен балалар!

Алимхан: Мен қиярмын сәндімін
Салаттардың сәнімін
Жаңа піскен кезімде
Жейді бәрі сүйсіне.

Хор: «Кап-кап, тук-тук-тук»

Жүр: Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген
Ортаға жемістерді шақырамыз

Жантөре: Мені бәрі жүзім дер
Бір бірлеп дәмдеп үзіп жер
Қызықтырам көркіммен
Қатар қатар тізілген.

Аяла: Мен өрікпін өрікпін
Дәмім тәтті еліттім
Сүйіктімін сәбилерге
Айтпасам да бөліп тым.

Рамазан: Мен алмамын алмамын

Тандандырар бал дәмім
Пісіп толдым мінекей
Баптап ерек бағбаным.

Сымбат : Мен шиемін шиемін
Күннің көзін сүйемін
Қышқыл шырын менде бар
Басты төмен иемін.

Жүр: Сұлу қыздар ару қыздар
Көрсетіңдер өнерді
Би билеңдер мың бұралып
Көтеріңдер көңілді

Қыздарымыздың орындауында «Бүлдірген» биі
Асылым Муслима Ақжібек
Даяна Б.Каусар Аяла.

Жүр: Жомарт көңіл жарқын жүз
Берекесі халқымның
Қош келіңсің алтын күз
Құт қонағы халқымның деп
Алтын күз мерекесіне келген ата-аналарымызды ортаға шақырамыз.

Күз: Қандай өнерлі бала едіңдер! Сендердің өнерлерінді көріп қуанып
жатырмын. Әрдайым осындай белсенді, ақылды, әнші, биші болуларыңа
тілсөзеспін. Талаптарыңы нұр жаусын.
Сендерге алып келген сыйлықтарымды берейін.

Жүр: құрметті аналар қонақтар осымен ертеңгілігіміз аяқталды.
Қырларымыз егіске толсын
Бақтарымыз жеміске толсын
Келесі күзде кездескенше
Аман сау жүріңіздер.





**«Аққу» бақшасы ортаңғы «Балбөбек»
тобының «Алтын – күз!» атты**

А Н Ы Қ Т А М А С Ы.

Ортаңғы «**Балбөбек**» тобында «Алтын - күз!» атты мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікке 25 бала қатысты. Балалар музыка әуенімен залға кіреді. Балалар «Балабақша», әнің орындады. Балалар «Күзгі вальс» «Көкөністер» «Бүлдірген» билерін биледі. Мерекеге «Күз ханшайм» қонаққа келді. Мерекелік ертеңгілікте Тәрбиешінің сөз мәнері, ертеңгілікті ұйымдастыруы сценариді білуі жоғары деңгейде.

Ертеңгілікте орын алған жетістіктері:

Ертеңгілік өз деңгейінде өтті, балалар көңілді. Балабақша ұжымына өз алғыстарын білдірді.

Ұсыныс:

- Тәрбиешілерге жаңа табыс тілейміз.

Қызылқия е.м 02.11.2023ж